

"Балқашмыс" акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 26 шілде N 937

1996 жылы "Балқашмыс" акционерлік қоғамының қаржы жағдайы құрт нашарлады, комбинат тоқтаудың сәл-ақ алдында.

1996 жылғы 20 шілдедегі жағдай бойынша кредиторлық берешек сомасы 5,3 млрд. теңгеге жетті, дебиторлық берешек 1,1 млрд теңге болды. Жалақы үш айдан астам уақыт бойы төленбеген, ол бойынша қарыз 381 млн. теңгеден асты. Эмаль сым цехын, тазарту өндірісін салуға байланысты жағдай қыындей түсті, бұлар 100 млн. АҚШ долларынан асатын сомадағы қаржы қаражатын айналыстан шығарды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мülікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Балқашмыс" акционерлік қоғамының қаржы қаражатының, бірінші кезекте табысының пайдаланылуына тиісті бақылау жасамағанын Үкімет атап айтады. Мәселен, 1994-1995 жылдары тиісінше 1,4 млрд және 4,2 млрд теңге табысы бола тұрып, бұл акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер есептемеген.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Балқашмыс" акционерлік қоғамының жұмысына бақылау жасамаған. Тек Үкімет араласқаннан кейін және арнайы комиссияның тексеруі үйымдастырылған соң ғана оның қаржы-шаруашылық қызметіне талдау жасалды.

"Балқашмыс" акционерлік қоғамының төлем қабілетін қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мülікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жаңындағы қесіпорындарды қайта үйымдастыру жөніндегі агенттік "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 сәуірдегі N 2173 ЗАң күші бар Жарлығына сәйкес "Балқашмыс" акционерлік қоғамында қайта үйымдастыру процедураларын жүргізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын және белгіленген тәртіппен:

"Балқашмыс" акционерлік қоғамында қайта үйымдастыру процедураларын сырттан басқару орнату жолымен жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлесін;

сенімді басқарушы белгілеп, онымен "Балқашмыс" акционерлік қоғамының мүлкін басқару жөніндегі функцияларды беру жөнінде шарт жасассын;

"Казкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамымен "Балқашмыс" акционерлік қоғамын қаржыландыруға жіберілетін қаражаттың жұмсалуына қаржылық, бақылау жасау жағынан банктік қызмет көрсетуіне агенттік келісім жасассын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, өнеркәсіп және сауда

министрлігімен бір ай мерзім ішінде "Балқашмыс" акционерлік қоғамының қаржы және экономикалық жағдайына аудиторлық тексеру жүргізуді ұйымдастырын және оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне кредиторлық және дебиторлық берешегінің құрылымын өзгерту, өнеркәсіп құрылымын оңтайландыру және "Балқашмыс" акционерлік қоғамының төлем қабілетін қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін, қаржылық тәртіп бұзушылық болған жағдайда материалдарды тергеу органдарына берсін;

сырттан бақылау орнатылған соң, екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Балқашмыс" акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы ұсыныстар енгізсін.

2. "Балқашмыс" акционерлік қоғамының шикізат берушілері мемлұтынушыларының ("Гленкор", "Новоресурс", "Далекс-Трейтинг" және "Риддер-Инвест" фирмалары) сырттан бақылау орнатылғанда өздерінің инвестициялық пұл құратыны және "Балқашмыс" акционерлік қоғамының қаржы-шаруашылық қызметін тұрақтандыру мақсатында "Казкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамының қаржы менеджменті туралы ұсынысы назарға алынсын.

3. "Балқашмыс" акционерлік қоғамының төлем қабілетін тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі үкімет комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін

Комиссия "Балқашмыс" акционерлік қоғамының сенімді басқарушысымен бірлесіп шикізат сатып алу және өнім беру бойынша күшіндегі контрактілерді талдап, екі ай мерзім ішінде белгіленген тәртіпті бұза отырып жасалған шарттарды өзгерту және күшін жою туралы ұсыныстар берсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Балқашмыс" акционерлік қоғамының қаржы менеджері ретіндегі "Казкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамының аталған акционерлік қоғамды онда қайта ұйымдастыру процедуралары жүргізілген кезеңде қаржыландыру схемалары бойынша ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Бас салық инспекциясы 1996 жылдың 15 тамызына қарай өнімді экспорттау бойынша қосылған құнға салынатын салықтың төленген сомасын "Балқашмыс" акционерлік қоғамының айналысына жедел қалпына келтіруге жәрдемдесетін тәртіп әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныстар енгізетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі "Балқашмыс" акционерлік қоғамының шикізат базасын дамыту жөнінде инвестиациялық бағдарламаларды зерделесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Жезқазған және Ақтөбе облыстарының әкімдерімен бірлесіп 10 күн мерзім ішінде "Балқашмыс" акционерлік қоғамының балансындағы әлеуметтік сала

объектілерін, оның ішінде: тұрғын үйді, тозғандары мен бұзылғандарын қоса алғанда, мектепке дейінгі балалар, медицина мекемелерін, жылумен, сумен қамтамасыз ету және канализация инженерлік жүйелерін, электр жүйелері мен қосалқы станцияларды, жолдар мен қорғаныс құрылғыларын, қазандықтарды, жылу пункттері мен жылу беру жүйелерін қоса алғанда, мәдениет-спорт ғимараттарын жергілікті әкімдердің балансына өткіzetін болсын. Жезқазған және Ақтөбе облыстарының әкімдері осы объектілердің зиян шекпей жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде және оларды 1996-1997 жылдардың күз-қыс кезеңінде жұмыс істеуге әзірлеу жөнінде нақты бағдарламалар әзірлесін.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Балқашмыс" акционерлік қоғамының сенімді басқарушысымен бірлесіп бір ай мерзімде жекешелендіруі бүтін технологиялық циклды бұзбайтын, қосымша қызмет объектілерін сату туралы мәселені шешсін.

9. "Балқашмыс" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік

пакетінің бір бөлігін сату және шетел инвестицияларын тарту бойынша шаралар кешенін әзірлеу мен өткізу жөнінде конкурстық комиссияның шешімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 1717 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 шілдедегі
N 937 қаулысына
қосымша

"Балқашмыс" акционерлік қоғамының төлем қабілетін
тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі
үкімет комиссиясының
ҚҰРАМЫ

Имашев Б.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының орынбасары,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік
комитеті жанындағы Кәсіпорындарды
қайта үйымдастыру жөніндегі агенттіктің
директоры (төраға)

Мұртазаев М.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрінің бірінші орынбасары

Фельд Е.Д. - "Казкоммерцбанк" ашық акционерлік
қоғамының басқармасы төрағасының
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК